

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ  
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

**№1 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

28.10.2022 ж.

**Қатысқандар: АҚ төрайымы:**

Абдраимова Қ.Т. – б.ғ.к., доцент м.а;

**Комиссия мүшелері:**

1. Г.У.Абишова – аға оқытушы;
2. А.Қ.Ниязов – «Қаратау мемлекеттік табиғи қорық» РММ директоры;
3. А.Кожаметова – бВ05146-Биология ББ студенті.

**Шақырылғандар:**

1. Э.Ибрагимова – бВ05169-Биотехнология БББ-на жауапты мүше, техн.ғ.к., доцент м.а.
2. Ж.А.Тлеубергена – Өдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
  - әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру;
  - түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АҚ төрайымы Абдраимова Қ.Т. бірінші мәселе бойыша сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды:** АҚ жұмысын ұйымдастыру; Ережелерімен танысу; 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу; Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу; Университет түлектерінің моделін әзірлеу; Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстар.

АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Биология және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік «Қаратау мемлекеттік қорығы» РММ басшысы А.Қ.Ниязовпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

**АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – А.Қ.Ниязов:**

Екінші мәселе бойынша сөз қозғайтын болсақ. Кәсіби білімнің іргетасы ретінде теория мен практиканы ұштастыратын, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде заманауи әдістерін қолданатын, мәдениетті, гуманитарлы ой-өріс және сөйлеу әрекеттері жүйелі, сауатты, дәлелді және нақты қолдану қабілетін меңгерген, жоғары интеллектуалды, ұжымда жұмыс жасай алатын, бәсекелестікке қабілетті, халықаралық талаптарға сай, кәсіби біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті бакалаврларды даярлау бүгінгі кадр даярлау нарығының талабы.

**АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент м.а. Э.Ибрагимова:**

Үшінші мәселе бойынша бүгінгі таңда бірнеше қазақстандық жоғары оқу орны өз студенттерінен күтетін жалпылама құзыреттердің таңдаулы жиынтығын (білімгерлердің/түлектердің атрибуттарын) жариялап, анықтағанын айта кету керек. Мысалы Назарбаев Университеті барлық мектептер мен университеттердің білім беру бағдарламалары үшін негізгі дағды ретінде мынадай 10 құзыретті айқындады: 1) коммуникация; 2) әлеуметтік дағдылар; 3) шығармашылық, инновация және кәсіпкерлік; 4) этика және адалдық; 5) аналитикалық және сыни ойлау; 6) көшбасшылық және топтық жұмыс; 7) икемділік, бейімделгіштік; 8) зерттеу дағдылары; 9) цифрлық дағдылар; 10) өмір бойы оқу.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектерінің атрибуттарын университет миссиясы мен құндылықтары негізінде бірігіп жасауымыз қажет

Биология және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша түлек атрибутын ұсынамыз:

1. Жүйелі ойлау қабілеті
2. Коммуникациялық қабілет
3. Зерттеу және жобалау дағдылары
4. Көшбасшылық дағдылар
5. Өмір бойы білім алу

**АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.Абишова:**

Төртінші мәселе бойынша: құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін. Жалпы қазан айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

**Шешім:** Биология және сабақтас даярлау бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т.Абдраимова

Хатшысы:



Г.У.Абишова